

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

I. Кіріспе бөлік.

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз етуге, соның ішінде материалдық-техникалық қамтуға бөлінген бюджет қаржысы мен мемлекеттік активтерін пайдаланылуына мемлекеттік аудит.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз етуге, соның ішінде материалдық-техникалық қамтуға бөлінген бюджет қаржысы мен мемлекеттік активтерін пайдаланылу тиімділігіне мемлекеттік аудит.

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері: «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласының білім беру бөлімі» ММ-сі, үстеме тексеру объектілері: №8 «Сказка» бөбекжайы» МКҚК, №13 «Золотой ключик» бөбекжайы» МКҚК, «Жаңа толқын Орал» ЖШС, «Мендыгазиева Эльмира Куспановна» ЖК, «BATYS SABI» ЖШС.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласының білім беру бөлімі» ММ-сі, №8 «Сказка» бөбекжайы» МКҚК, №13 «Золотой ключик» бөбекжайы» МКҚК үстеме тексеру объектілерінде: 2019 жылдың 1 қаңтары - 2020 жылдың 31 желтоқсан аралығы; «Жаңа толқын Орал» ЖШС, «Мендыгазиева Эльмира Куспановна» ЖК, «BATYS SABI» ЖШС үстеме тексеру объектілерінде: 2020 жылдың 1 қаңтар - 31 желтоқсан аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік.

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі білім беру қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады. Бөлімнің Ережесі Орал қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 31 мамырдағы №1575 қаулысымен бекітілген (жаңасы Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының 2021 жылғы 6 қаңтардағы №11 бұйрығымен бекітілген).

Бөлімнің миссиясы: Мемлекеттік білім стандартының орындалуын қамтамасыз ету. Өзінің-өзі басқару органдарына халықтың білім беру сұраныстарын қанағаттандыру үшін жағдай жасау жөнінде көмек көрсету.

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізгі міндеті Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған мақсатты жүзеге асыруға -

балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың үйлесімді жан-жақты дамуы үшін жағдай жасауға бағытталған.

Қазақстанда білім беруді және ғылымды дамыту бойынша жүйелі шаралар кешені іске асырылуда. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәліметі бойынша республикада 10 719 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді, оның ішінде мемлекеттік – 6 269 бірлік (ондағы балалар – 539 020), жеке меншік – 4 450 бірлік (ондағы балалар – 367 780). 6 843 балабақшада 788 388 бала, 3 876 шағын орталықта 118 412 бала тәрбиеленуде.

Мектепке дейінгі ұйымдармен қамтылған барлық балалар саны 906800, оның ішінде 1-6 жастағы балалар – 78,7%, 3-6 жастағы балалар – 98,5%, 1-3 жастағы балалар – 42,7% құрайды. Алматы (98,4), Қостанай (99,8) облыстарынан, Нұр-Сұлтан қаласынан (96,1), Алматы қаласынан (87,1) басқа барлық өңірлерде балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен 100% қамтуға қол жеткізілді. 100% көрсеткішке қол жеткізбеу өңірлердегі көші-қон және демографиялық процестерге байланысты. 2019 жылы 642 мектепке дейінгі ұйым ашылды. 2020 жылғы тамыздағы жағдай бойынша 125 мыңға жуық бала немесе 28,1%-ы мектепке дейінгі ұйымдарға жолдама алды.

Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру кезеңінде қаржыландыру жүйесінде бірқатар оң өзгерістер байқалды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда жан басына шаққандағы қаржыландыру тетіктерін енгізу, сондай-ақ лицензиялауды жою жеке бизнесті мектепке дейінгі білім беруге айтарлықтай тартуға мүмкіндік берді.

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі ұйымдар желісінің үштен бірінен астамы жекеменшік болып табылады. Сонымен қатар 1-3 жас аралығындағы балаларға жан басына шаққандағы қаржыландыруды тарата отырып және көрсетілетін қызметтердің сапасына байланыстыра отырып, мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік тапсырысты қаржыландырудың тиімділігі мәселесі пысықтауды талап етеді.

Статистика мәліметтері бойынша (<https://www.stat.gov.kz>) 2019 жылы Орал қаласы бойынша білім беру ұйымдары көрсеткен қызметтердің көлемі барлығы 42 555,3 млн. теңге құрады, соның ішінде: мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтер – 5 002,5 млн.теңге (оның ішінде бюджет қаражаттары есебінен – 4 047,6 млн.теңге, халықтың қаражаттары есебінен – 954,9 млн. теңге).

2020 жылдың III тоқсанында Орал қаласы бойынша білім беру ұйымдары көрсеткен қызметтердің көлемі барлығы 9 697,3 млн. теңге құрады, соның ішінде: мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтер – 1 065,2 млн.теңге (оның ішінде бюджет қаражаттары есебінен – 955,5 млн.теңге, халықтың қаражаттары есебінен – 109,7 млн. теңге).

Ұлттық білім беру деректер қорының (бұдан әрі – ҰБДҚ) деректеріне сәйкес Орал қаласы бойынша 2018-2019 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдармен қамтылған балалар саны 15 049 құрады, 2019-2020 оқу жылында балалар саны 15 508 болды, ал қазіргі кезде балалар саны 15 958 құрайды.

Орал қаласы білім бөлімінің мәліметі бойынша 2019 жылы мектепке дейінгі ұйымдармен қамтылған балалар саны келесідей сипатталады: барлық 1-

2 жастағы балалар саны – 13 130, қамтылғаны – 2 896 (22,06%), 1-3 жастағы балалар саны – 17 840, қамтылғаны – 7 606 (42,7%), 1- 6 жастағы балалар саны – 30 742, қамтылғаны – 20 508 (66,71%), 3,4,5,6 жастағы балалар саны – 17 612, қамтылғаны – 17 612 (100%).

2020 жылы мектепке дейінгі ұйымдармен қамтылған балалар саны келесідей сипатталады: барлық 1-2 жастағы балалар саны – 10 902, қамтылғаны – 2 726 (25,0%), 1-3 жастағы балалар саны – 15 651, қамтылғаны – 7 475 (47,8%), 1-6 жастағы балалар саны – 27 120, қамтылғаны – 18 944 (69,85%), 3,4,5,6 жастағы балалар саны – 16 218, қамтылғаны – 16 218 (100%).

Педагог кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру жүйесіндегі оң өзгерістерге қарамастан, білікті педагог кадрларды тартуға және ұстауға кері әсер ететін бірқатар проблемалар сақталуда. Соның бірі - республика бойынша мектепке дейінгі білім беретін педагог қызметкерлердің бірқатарының «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша білімі және біліктілік санаты жоқ.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын арттыруға бағытталған барлық шаралар балаларды мектепте оқытуға табысты дайындауға және ата-аналардың мектепке дейінгі білім беру қызметтеріне қажеттілігін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Аудиторлық қорытындының жобасы осы аудиторлық іс-шара шеңберінде жүргізілген және жасалған аудиторлық есептердің сапасын бақылау нәтижелері ескеріле отырып жасалды.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері:

Аудит объектілерімен мемлекеттік аудит нәтижесінде 49 301,0 мың теңгеге бюджет және қолданыстағы басқа да заңнамалардың нормалары сақталмаған, оның ішінде: қаржылық бұзушылықтар 18 558,0 мың теңге, бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану – 30 743,0 мың теңге. Анықталған қаржылық бұзушылықтардың 18 558,0 мың теңгесі бюджетке өтелуге жатады, қазіргі кезде 18 214,5 мың теңге бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді. Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар мен кемшіліктер саны 38 бірлікті құрады.

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласының білім беру бөлімі» ММ-сі:

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша балалар контингентін топтастыруда білім бөлімдері кезектілік тізімін басшылыққа алады. Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін конкурс өткізеді.

Іс жүзінде аудит объектісінде балалар контингенті жасақталмаған. Аудит объектісінің түсіндіруі бойынша 2018 жылға дейін балаларға мектепке дейінгі ұйымдарға жолдаманы Бөлім қағаз түрінде беріп отырған, 2018 жылдың қаңтар айынан бастап балаларға жолдаманы алу ИНДИГО 24.kz автоматтандырылған бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі ұйымдарға балаларды қабылдау төмендегіше жүргізіледі: босаған орындар туралы хабарламаны мектепке дейінгі ұйымдар автоматтандырылған бағдарлама арқылы хабарлама шығарады (балалар жасына қарай). Ата-аналар бос орындар туралы хабарламаны көріп, жолдаманы ИНДИГО 24.kz бағдарламасы арқылы өздері алады. Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін конкурс

өткізілген сәтте, жеке бала бақшалар иелері балалар тізімін ұсынады. Бөлім тізімдегі балаларды кезекте тұрғаны немесе тұрмағандығын тексеріп отырады.

1-тармақ. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығымен бекітілген «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларының» 8 тармағы бұзылып, Бөлім аудит кезеңінде мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін балалар контингентін жасақтауды жүргізбеген.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңының 6 бабы 4 тармағы 4-1) тармақшасына сәйкес, Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекітеді (2021 жылдың 1 қаңтарына дейін).

Алайда, Орал қаласы бойынша 2020 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшері Орал қаласы әкімдігімен бекітілмеген.

2-тармақ. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңының 6 бабы 4 тармағы 8-1) тармақшасы сақталмай, Орал қаласы бойынша 2020 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері Орал қаласы әкімдігімен бекітілмеген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері себебтерін анықтау мақсатында, аудит барысында «Орал қаласының білім беру бөлімі» ММ-не жетекшілік ететін Орал қаласы әкімінің орынбасары Б.Нарымбетовке 2021 жылғы 12 ақпанда №8-10/141 шығыс хаты жолданды. Аталған хатқа қала әкімдігінен 2021 жылғы 1 наурызда № 05-13/449 жауап хат келіп түсті.

Оның түсіндіруінше, 2020 жылдың 15 сәуірінде «Орал қаласы білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі, 2020 жылға арналған Орал қаласы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы қаулысын «Ашық НҚА» порталына орналастырылған, 30 сәуірде әкімдік жобасы «Жайық үні» газетіне жарияланған, 5 мамырда «Орал қаласы білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі №7-1/2014 шығыс хатымен «Орал қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне аталған жобаны жолдап, сараптама қорытындысын беруін сұраған.

Сараптамалық кеңестің отырысында, Батыс Қазақстан облысының кәсіпкерлік палатасы жеке балабақшалар үшін ата-ананың ақы төлеу мөлшерін 12,0 мың теңгеден 20,0 мың теңгеге дейін белгілеуін сұраған. Ал, өз кезегінде сараптамалық кеңес отырысы, жеке балабақшалар иелері бір балаға бір айлық орташа шығындар есебін (12,0 мың теңгеден 20,0 мың теңгеге дейін белгілеуге

негіздеме) «Орал қаласы білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесіне ұсыну ұсынылған.

Алайда, жеке балабақшалар өкілдерімен «Орал қаласы білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесіне айлық орташа шығындар есебін (12,0 мың теңгеден 20,0 мың теңгеге дейін белгілеуге) және негіздемесі ұсынылмаған болатын.

Сол себепті, «Орал қаласы білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен Батыс Қазақстан облысының кәсіпкерлік палатасы ата-ананың төлемінің мөлшерімен келіспеуінен қаулы қабылданбаған.

3-тармақ. Осылайша, Бөлім мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының мөлшері бекітілмеуіне қарамастан, 2020 жылы 009 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету» және 040 «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру» бюджеттік бағдарламалары бойынша жалпы сомасы 5 931 070,4 мың теңгеге мектепке дейінгі ұйымдарды қаржыландырған (соның ішінде жеке балабақшалар). Бұл ретте, Білім туралы Заңының 61 бабы 2 тармағының 4) тармақшасында көзделген, білім беруді қаржыландыру жүйесінің бірден бір негізі болып табылатын жауаптылық принципі сақталмаған.

Шарттардың мәні мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру болып табылады. Алайда, шарттардың ажырамас бөлігі болып табылатын 1 және 2-қосымшаларда тәрбиеленушілердің көлемі және 1 (бір) тәрбиеленушіге көрсетілетін қызметтердің құны көрсетілмеген. Оның орнына ақшалай түрде көрсетілген қызметтердің көлемі бойынша жоспарлар (қаржыландыру бойынша жоспарлар) көрсетілген.

Іс жүзінде, аударылған қаражат сомасы мемлекеттік кәсіпорындардың бюджеттік өтінімдерге сәйкес қызметін қамтамасыз етілгендігін көрсетеді.

Сонымен қатар, жыл ішінде мәні мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру болып табылатын шарттар жасалған, алайда іс жүзінде ағымдағы қызметте пайдаланылатын кәсіпорындардың қорларын (жуғыш және дезинфекциялық құралдар) сатып алу үшін қаражат аударылған.

Бұл ретте, мемлекеттік кәсіпорындар атқарылған қызметтер актілерін мектепке дейінгі тәрбие бойынша көрсетілген қызметтердің көлемін (тәрбиеленушілер саны) көрсетпей ұсынады. Оның орнына, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 1 қызметтің орындалуы және қаржыландыру жоспарларына толық сәйкес келетін қызметтердің құны көрсетіледі.

Осылайша, 50 мемлекеттік кәсіпорындарында – мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 2019-2020 жылдары мемлекеттік білім беру тапсырысы іс жүзінде орналастырылмаған, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес қызметін қамтамасыз етумен функцияларды орындау үшін мемлекеттік мекемелер ретінде қаржыландыру жүргізілген.

4-тармақ . Білім туралы Заңының 62-бабының 4 – тармағын бұза отырып, 2019-2020 жылдары 50 мемлекеттік кәсіпорын-мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын қаржыландыру жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесіне сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде

жүзеге асырылмаған, тек функцияларды орындауды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік мекемелер ретінде қаржыландырылған.

Сонымен қатар, Білім туралы Заңының 62-бабының 4 – тармағына сәйкес, білім беру ұйымдары өздерінің қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижесінде ағымдағы қаржы жылындағы қалған кірістерін, кезекті қаржы жылында мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен кезде пайдаланады.

Салыстыру актілеріне сәйкес, 2020 жылдың қорытындысы бойынша 50 мемлекеттік білім беру кәсіпорындарымен жасалған барлық шарттар бойынша дебиторлық немесе кредиторлық берешек жоқ және барлық қаражатты мемлекеттік кәсіпорындар қызметін қамтамасыз ету және өз функцияларын орындау үшін толық көлемде пайдаланған.

Алайда, жасасқан келісімшарттарды талдау барысында 2020 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік білім беру кәсіпорнында 009 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету мақсатында «Орал қаласының білім беру бөлімі» ММ-нен алынған 14 279,4 мың теңге қаражат пайдаланылмай қалғаны анықталды.

№122 Қағидалардың 2 тармағына сәйкес, мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемінде мектепке дейінгі ұйымның ағымдағы шығындары өтеледі.

Мемлекеттік кәсіпорындарды – мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын қаржыландыру жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылмай, мемлекеттік мекемелердің қызметін қамтамасыз ету ретінде қаржыландыру жүргізілгендігін ескере отырып, 2020 жылдың қорытындысы бойынша 14 мемлекеттік кәсіпорын алған қаражат қалдықтары осы кәсіпорындарға қаражат аудару кезінде төлем шоттарының дұрыс ұсынылмағандығын куәландырады.

5-тармақ. Осылайша, Бюджет Кодексінің 97 бабының 6 тармағы бұзылып, 2020 жылы 14 мемлекеттік кәсіпорынға 14 279,4 мың теңгені аудару барысында Бөлім төлеуге берілетін шотты ұсынудың заңдылығын және негізділігін, сондай-ақ жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерге сәйкес көрсетілген қызметті растаудың дұрыстығын қамтамасыз етпеген.

2020 жылдың аяғында республикалық бюджеттен еңбек ақы төлеуге 009.011 бюджеттік бағдарламасына бөлінген қаржыны толық игеру мақсатында қаланың 41 мемлекеттік бөбекжайларымен қосымша келісімшарт жасасып, келісімшарт сомаларын 131 857,0 мың теңгеге негізсіз өсірген. Алайда бөбекжайларға қосымша қаржының қажеті болмаған. Бөлім қосымша келісімшартпен өсірілген қаржыны 2020 жылдың желтоқсан айының 28, 29 күндері бөбекжайлардың шоттарына аударған. Бөбекжайлар түскен қаржыны 2020 жылдың желтоқсан айының 30, 31 күндері бюджетке кері аударған. Алайда, №6 «Шолпан бөбекжайы» 1 413,0 мың теңгені, №11 «Ертөстік бөбекжайы» 214,0 мың теңгені, №21 «Росинка бөбекжайы» 1 807,0 мың теңгені, №23 «Круглоозерное аулының бөбекжайы» 58,0 мың теңгені және №36 «Балақай

бөбекжайы» 103,0 мың теңгені, жалпы сомасы 3 595,0 мың теңгені бюджетке кері қайтармаған.

Бюджет Кодексінің 44 бабының 8 тармағына сәйкес, өткен қаржы жылында республикалық, облыстық немесе аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен бөлінген, ағымдағы нысаналы трансферттердің өткен қаржы жылында пайдаланылмаған сомалары жыл басындағы бюджет қаражатының қалдықтары және осы трансферттерді бөлген жоғары тұрған бюджетке төмен тұрған бюджеттен қайтару сомалары, пайдаланылмаған ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен ағымдағы қаржы жылының 1 наурызына дейін оларды бөлген жоғары тұрған бюджетке қайтарылуға жатады.

6-тармақ. Бұл ретте, Бюджет Кодексінің 44 бабының 8 тармағы және 97 бабының 6 тармағы бұзылып, Бөлім төлеуге берілетін шотты ұсынудың заңдылығын және негізділігін, сондай-ақ жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерге сәйкес 3 595,0 мың теңгеге көрсетілген қызметті растаудың дұрыстығын қамтамасыз етпеген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің» (әрі қарай № 540 Ереже) 187 тармағына сәйкес: Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін тіркеу мемлекеттік мекеменің шартын немесе тіркелген шартқа қосымша келісімді тіркеу үшін жасалатын және аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсынылатын ("Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық үлгісі қалыптастырылады және жіберіледі) азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінім негізінде жүзеге асырылады.

7-тармақ. № 540 Ереженің 187 тармағы бұзылып, Бөлім 2019 жылғы 20 тамыздағы №581 қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартқа 2019 жылғы 13 қарашадағы № 47/1 қосымша келісімді қазынашылықтың аумақтық бөлімшесінде тіркемеген.

№540 Ереженің 224 тармағы 16) тармақшасына сәйкес, Қағаз жеткізгіштегі және "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша түскен төлеуге берілетін шот былайша ресімделеді: растайтын құжаттардың күні төлеуге берілетін шотты қалыптастыру күнінен кеш болмауға тиіс.

8-тармақ. №540 Ереженің 224 тармағы 16) тармақшасы бұзылып, 2020 жылы кейбір Өнім жеткізушілерге қаржыны төлеген кезде растайтын құжаттардың күні төлеуге берілетін шотты қалыптастыру күнінен кеш болған.

Мемлекеттік сатып алу порталындағы келісімшарттарға аудит жүргізу барысында, кейбір Өнім жеткізушілер шартты толық орындаған соң Бөлімге №648 Қағиданың 22-4 и 22-5 қосымшаларына сәйкес тауарлардағы, жұмыстардағы, қызметтердегі жергілікті қамту үлесі бойынша есептер тапсырмаған, атап айтқанда:

1. №25 «Снежинка» бөбекжайы МКҚК, 2020 жылғы 8 ақпандағы 009-011 бюджеттік бағдарламасы бойынша 10 760,0 мың теңгені құрайтын №116 шарт;

2. №50 «Заңғар» бөбекжайы МКҚК, 2020 жылғы 7 ақпандағы 009-011 бюджеттік бағдарламасы бойынша 130 367,0 мың теңгені құрайтын №50 шарт.

9-тармақ. №648 Қағиданың 426-3 тармағы бұзылып, жоғарыда көрсетілген кейбір Өнім жеткізушілер шартты толық орындаған соң Бөлімге №648 Қағиданың 22-4 и 22-5 қосымшаларына сәйкес тауарлардағы, жұмыстардағы, қызметтердегі жергілікті қамту үлесі бойынша есептер тапсырмаған, сәйкесінше аталған есептер тапсырылмасада Бөлім қызметтердің атқарылуы туралы актілерді бекітіп отырған.

«Орал қаласының білім бөлімі» ММ-сі басшысының 2019 жылғы 22 тамыздағы №185-ө бұйрығымен жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар арасында мемлекеттік тапсырысты орналастыру үшін комиссия құрылған.

Комиссия құрамына: Орал қаласы білім беру бөлімі басышының орынбасары – комиссия төрағасы; білім беру бөлімі басышының орынбасары – комиссия төрағасының орынбасары; бас экономист, мектеп секторының меңгерушісі, мектеп секторының экономисті, мектепке дейінгі секторының экономисті, «Мектепке дейінгі ұйымдардың қазақстандық қауымдастығы» БҚО және Орал қаласы бойынша филиалының директоры – мүшелер ретінде енгізілген. Комиссия хатшысы - мектепке дейінгі секторының экономисті.

10-тармақ. №122 Қағидаларының 8 тармағының 6 абзацы сақталмай, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша Комиссиясының төрағасы ретінде Орал қаласы білім беру бөлімі басшысы тағайындалмаған.

«Орал қаласының білім бөлімі» ММ-сі басшысының 2019 жылғы 22 тамыздағы №185-ө бұйрығымен, 2020 жылғы 08 қаңтардағы №3-ө бұйрығымен және 2020 жылғы 04 қыркүйектегі №178-ө бұйрығымен жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар арасында мемлекеттік тапсырысты орналастыру үшін комиссиялар құрылған. Алайда заңнама талаптары сақталмаған.

11-тармақ. №122 Қағидаларының 8 тармағы сақталмай, мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін Комиссия Орал қаласының жергілікті атқарушы органымен (әкімдікпен) құрылмаған.

Комиссия құрамына: Орал қаласы білім беру бөлімі басышы– комиссия төрағасы; білім беру бөлімі басшысының міндетін атқарушы – комиссия төрағасының орынбасары; бас бухгалтерінің орынбасары, мектепке дейінгі секторының экономисті, мектепке дейінгі секторының әдіскері, «Мектепке дейінгі ұйымдардың қазақстандық қауымдастығы» БҚО және Орал қаласы бойынша филиалының директоры – мүшелер ретінде енгізілген. Комиссия хатшысы - мектепке дейінгі секторының экономисті.

12-тармақ. №122 Қағидаларының 8 тармағының 6 абзацы сақталмай, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 2019-2020 жылдары құрылған Комиссиялардың құрамына мәслихаттардың, әкімдіктердің, және өңірлік кәсіпкерлер палатасының өкілдері кірмеген.

Батыс Қазақстан облысының Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің мәліметтеріне сәйкес (23.12.2020 жылғы №17-14-2-2/1051, 23.02.2021 жылғы №17-14-2-22/161) 2020 жылғы қазан айында мемлекеттік тапсырыс орналастырылған 12 әлеуетті өнім берушінің ішінен Конкурс өткізу басталғанына дейін (2020 жылы 01 қазан) уәкілетті органды қызметінің басталғаны туралы хабардар етпеген:

1) «Султан» ЖК (ЖСН 610603301866, конкурста көрсетілген мекен-жайы – Орал қ, Деркөл ауылы, СарыАрка, Ш. Қалдаяков көш, 36). Хабарлама қазіргі таңға дейін жолданбаған.

2) «Карина» ЖК (ЖСН 770414303173, конкурста көрсетілген мекен-жайы – Орал қ, Московская көш, 11 және Соколиная көш, 35). Хабарлама 2020 жылдың 25 желтоқсан күні жолданды.

3) «Иштаев Е.А.» ЖК (ЖСН 710215302063, конкурста көрсетілген мекен-жайы – Орал қ, Деркөл ауылы, Майқы би көш, 35/1). Хабарлама қазіргі таңға дейін жолданбаған.

4) «Дудаков» ЖК (ЖСН 850511301825, конкурста көрсетілген мекен-жайы – Орал қ, Ғ.Құрманғалиев көш, 49). Хабарлама 2021 жылдың 16 наурыз күні жолданды.

13-тармақ. №122 Қағидаларының 10 тармағы сақталмай, 2019 жылдың қазан айында өткен Конкурса білім беру саласындағы уәкілетті органға өз қызметінің басталғаны туралы хабарламаған 4 (төрт); 2020 жылдың ақпан айында өткен Конкурса білім беру саласындағы уәкілетті органға өз қызметінің басталғаны туралы хабарламаған 5 (бес) ; 2020 жылдың қазан айында өткен Конкурса білім беру саласындағы уәкілетті органға өз қызметінің басталғаны туралы хабарламаған 4 (төрт) мектепке дейінгі ұйым конкурса қатысуға негізсіз жіберілді (өтінімдер қабылданды және қаралды).

2020 жылғы қазандағы конкурстық құжаттаманың іріктемелі аудиті кезінде, келесі анықталды:

14-тармақ. 2019 жылғы қазандағы конкурс бойынша «Карина» ЖК (ЖСН 770414303173), «Талап» АҚ (БСН 930440000017), «АкНиет» ЖК (ЖСН 701106402137), «LauRus» ЖШС (ЖСН 190940023662), «Дудаков А.Г.» ЖК (ЖСН 850511301825), «Арухан» ЖК (ЖСН 531117402011), «Ихсанов Я.Е.» ЖК (ЖСН 971103350051), «Амирхан» ЖК (ЖСН 700228400111), «BatysSabi» ЖШС (ЖСН 161140021783), «GOLDEMPIRE» ЖШС (ЖСН 170740003687), «Мендыгазиева» ЖК (ЖСН 710516400109), «Айдаровна» ЖК (ЖСН 840309401663); 2020 жылғы ақпандағы конкурс бойынша «Зульфарм» ЖШС (БСН 190440032663), «Жаңа толқын Орал» ЖШС (БСН 121140015137), «Улжан Айдаровна» ЖК (ЖСН 930504400367), «Мендыгазиева» ЖК (ЖСН 710516400109), «Айдаровна» ЖК (ЖСН 840309401663), «Карина» ЖК (ЖСН 770414303173), «Ладушки» ЖК (ЖСН 910925451208), «Нигметова» ЖК (ЖСН 700928402371), «Бөбекжай «АРУ» ЖК (ЖСН 830408401550), «BatysSabi» ЖШС (БСН 161140021783), «Нұрай» ЖК (ЖСН 650910400622), 2020 жылғы қазандағы конкурс бойынша «Полякова» ЖК (ЖСН 820922402717), «Карина» ЖК (ЖСН 770414303173), «Жолғали» ЖШС (БСН 190440032663), «Иштаев» ЖК (ЖСН 710215302063), «Ак Патша» ЖШС (БСН 170340006220), «Дудаков А.Г.» ЖК (ЖСН 850511301825), «Пчела майя» ЖШС (БСН 160140026107), «Султан» ЖК (ЖСН 610603301866), «Куан Нур» ЖШС (БСН 191240008246), «Габдушев М.У.» ЖК (ЖСН 910227350308), «АС» ЖК (ЖСН 880402300443), «BatysSabi» ЖШС (БСН 161140021783) ұсынылған құжаттары, №122 Қағидаларының 10 тармағына сәйкес болмағанына қарамастан, әлеуетті өнім берушілер конкурса қатысуға жіберілген және олардың арасында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік тапсырыс орналастырылған.

15-тармақ. Білім туралы Заңының 57-1 бабы және Рұқсаттар және хабарламалар туралы Заңының 17-бабының 1 және 2-тармақтары сақталмай, 2019 жылғы қазан айындағы конкурс бойынша «Дудаков А.Г.» ЖК-мен (ЖСН 850511301825) Орал қ, Ғ.Курманғалиева көш., 49 мекен-жайында; «GOLDEMPIRE» ЖСШ-мен (ЖСН 170740003687) Орал қ, Акбулакская көш, 2/1 мекен-жайында; «Карина» ЖК-мен (ЖСН 770414303173) Орал қ, Московская көш, 11 мекен-жайында; «Мендыгазиева» ЖК-мен (ЖСН 710516400109) Орал қ, Мункеулы көш, 83 мекен-жайында. *Аудиторлық есепке 7 қосымша 141-168 бетте*); 2020 жылғы ақпан айындағы конкурс бойынша «Жаңа толқын Орал» ЖШС-мен (БСН 121140015137) Орал қ, Самал көш, 56/4 мекен-жайында; 2020 жылғы қазан айындағы конкурс бойынша «Султан» ЖК-мен (ЖСН 610603301866) Орал қ, Деркөл ауылы, СарыАрка, Ш. Қалдаяқов көш, 36 мекен-жайында; «Карина» ЖК-мен (ЖСН 770414303173) Орал қ, Московская көш, 11 және Соколиная көш, 35 мекен-жайларында; «Иштаев Е.А.» ЖК-мен (ЖСН 710215302063) Орал қ, Деркөл ауылы, Майқы би көш, 35/1 мекен-жайында; «Дудаков» ЖК (ЖСН 850511301825) Орал қ, Ғ.Курманғалиев көш, 49 мекен-жайында; сонымен қатар жоғарыда көрсетілген ұйымдардан басқа, келесі мекенжайлар бойынша қызметтің басталғаны туралы хабарлама болмаған: «Мектепке дейінгі шағын орталық «АЛМАЗ И L» ЖШС (БСН 100640019746) Орал қаласы, Аманжолов көш, 123/2 мекен-жайы бойынша; «ОРЫНБАСАР» ЖК (ЖСН 920415351042) Орал қаласы, Автомобилист көш, 143 және Бейбітшілік, 77 мекен-жайлары бойынша; «ВОСХОД ЕВРАЗИЯ» ЖШС (БСН 120340011050), Орал қаласы, Кызылжарская көш, 22 мекен-жайы бойынша; «ЖУМАГУЛОВ ЖАНБОЛАТ ЕРБОЛАТОВИЧ» ЖК (ЖСН 910204351023), Орал қаласы, Лермонтов көш, 61 үй; «АЙДАРОВНА» ЖК (ЖСН 840309401663), Орал қаласы, Мажит Жунисов көш, 2 үй; «АМИРХАН» ЖК (ЖСН 700228400111), Орал қаласы, Карачаганак көш, 20 үй; «АСЫЛАЙХАН» ЖШС (БСН 180240013806), Орал қаласы, Кен дала шағын аудан, 43 көш, 13 үй; «Жаңа толқын Орал» ЖШС (БСН 121140015137), Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 166А үй. уәкілетті органға мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша қызметтің басталғаны туралы хабарламалар жолданбай қызмет жүзеге асырылған.

Осы бұзушылықтарға ықпал еткен себептердің бірі, хабарламаларды тексеру процесті нақты регламенттеудің, сондай-ақ аудит объектісінің хабарламалардың бар екендігі туралы мәліметтерді тексеру жөніндегі әрекетсіздігі, конкурсқа қатысушыларға қызметтің басталғаны туралы хабарлау үшін ҰБДҚ-да тіркеуге нұсқау беріледі, алайда кейін оның орындалуы тексерілмейді.

Аудит объектісі жеке бала бақшаларына берілген жолдамалардың нақты санын ескерусіз төлем жүргізеді. Аудит объектісінің түсініктемелері бойынша салыстырып тексеру мектепке дейінгі ұйымға қабылдау кезегінде тәрбиеленушілердің қатысуына жүргізілді. Бұл ретте баланың кезекте тұруы оның осы мектепке дейінгі мекемеге баратынын айғақтамайтынын атап өткен жөн.

16-тармақ. Осылайша, жоғарыда аталған фактілер аудит объектісінің көрсетілген мектепке дейінгі ұйымдардың мемлекеттік білім беру тапсырысын

қаржыландыру кезінде Білім туралы Заңның 61-бабының 2-тармағы 3) тармақшасында көзделген Білім беруді қаржыландыру айқындық жүйесіне сүйену қажеттілігі сақталмағандығын көрсетеді.

Аудит барысында аудит объектісінен 50 мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жабдықпен және жиһазбен жабдықталу бойынша мәліметтер сұратылды.

17-тармақ. Ұсынылған деректерді талдау нәтижелерімен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына мемлекеттік мектепке дейінгі білім берудің 50 ұйымдары сәйкес келмейтіні анықталды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығының 1-қосымшасымен Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары бекітілді. Тәрбиеленушілерді тәрбиелеуді және оқытуды іске асыратын мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Білім туралы Заңына сәйкес әзірленген, түрлеріне, меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібін айқындайды.

Алайда, осы Қағидаларда мектепке дейінгі ұйымдар үшін (оның ішінде жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарға) бекітілген нормаларға сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру бойынша талаптар көзделмеген. Бұл тиісінше тәрбиеленушілерге сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруге әсер етеді деп санаймыз.

18-тармақ. Осылайша, мектепке дейінгі ұйымдар қызметін реттейтін Білім туралы Заңында жергілікті атқарушы органдардың білім беру саласындағы құзыреті бөлігінде және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларында (жарақтандыру нормаларына сәйкес материалдық активтердің болуы қажеттігі туралы талаптың болмауы бөлігінде) құқықтық реттеудегі олқылықтар (кемшіліктер) бар екені анықталды.

Осыған байланысты, жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгерістер енгізу қажет екенің атап өтеміз.

ҚР ҚМ ІМАК БҚО бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментімен «ҚР ҚМ Қаржы мониторингі комитетінің БҚО бойынша экономикалық тергеу департаменті» РММ-ң 02.04.2019ж. №МКД-20-1/4139 шығыс хатына сәйкес «Орал қаласының білім бөлімі» ММ-де 2017-2018 жылдары «Х.Капанов атындағы Орал халықаралық гимназиясы» ЖШС-не мемлекеттік тапсырыс бойынша субсидиялаудың негізділігі мәселесі бойынша мемлекеттік аудит жүргізілді.

Аудитпен «Х.Капанов атындағы Орал халықаралық гимназиясы» ЖШС-мен 2017-2018 жылдары жасалған шарттар бойынша жалпы сомасы 30 743,0 мың теңге бюджет қаражатын негізсіз пайдалануға жол берілгені анықталды, оны жергілікті бюджетке өтеу керектігі көрсетілді (22.04.2019ж. аудиторлық есеп).

Аудит барысында, аталған сома жергілікті бюджет кірісіне 2019 жылдың 5 маусымындағы №4642010/19-1817 төлеуге берілген шоты арқылы аударылғандығы айқталды.

19-тармақ. Жоғарыда көрсетілген факт Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет Кодексінің 4-бабының 14) тармақшасында көзделген бюджет жүйесі қағидатының, атап айтқанда бюджет қаражатының атаулылығы мен нысаналы сипатының сақталмайтындығын куәландырады, ал бұл өз кезегінде 30 743,0 мың теңге сомасында бюджет қаражатының тиімсіз пайдаланылуына алып келді.

№8 «Сказка» бөбекжайы:

20-тармақ. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 249 бұйрығымен бекітілген «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидаларының» 5 тармағы сақталмай, даму жоспарының 4-, 5-, 15-қосымшалары және түсіндірме жазбалар толықтай толтырылмаған.

21-тармақ. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 14 бұйрығымен бекітілген «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларының» 38 тармағы сақталмай, даму жоспарымен оның орындалуы туралы есепті салыстыру барысында сәйкессіздіктер анықталды.

22-тармақ. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 14 бұйрығымен бекітілген «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларының» 25 тармағы сақталмай, ұйымның даму жоспарын жыл сайынғы нақтылаудың жобасын бекітуші органға қарауға, келісуге және бекітуге белгіленген мерзімнен кешіктіріп 2019 жылдың 21 қараша күні жіберілген.

23-тармақ. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 14 бұйрығымен бекітілген «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларының» 25 тармағы сақталмай, қосымшалар толық толтырылмаған.

Инклюзивтік білім беру кабинетінің әдіскерінің орыны бос екендігі туралы халықты жұмыспен қамту орталығына хабар берілмей, халықты жұмыспен қамту орталығынан жіберілмеген адамды жұмысқа қабылдаған.

24-тармақ. Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 482-V ҚРЗ «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 28 бабының 2 тармағы 1)

тармақшасы сақталмай, бос орындардың бар екендігі туралы мәліметтерді еңбек жағдайлары мен төлемақысын көрсете отырып, пайда болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде халықты жұмыспен қамту орталығына жазбаша түрде немесе «Электрондық еңбек биржасы» мемлекеттік ақпараттық порталы арқылы жіберілмеген, сәйкесінше Д.Елемесова халықты жұмыспен қамту орталығының жолдамасысыз жұмысқа қабылданған.

2020 жылдың қыркүйек, қазан, қараша және желтоқсан айларында Д.Елемесоваға атқарған 0,5 бірлік инклюзивтік білім беру кабинетінің әдіскері қызметінің үстіне 0,5 бірлік инклюзивтік білім беру кабинетінің тәрбиешісі қызметі үшін еңбек ақы төленген. Аталған кезеңде, яғни 2020 жылдың қыркүйек, қазан, қараша және желтоқсан айларында Д.Елемесоваға тәрбиеші қызметі үшін 189,3 мың теңге көлемінде еңбек ақы төленген.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек Кодексінің 34 бабына сәйкес, қызметкерді жұмысқа қабылдау жасалған еңбек шарты негізінде шығарылатын жұмыс берушінің актісімен ресімделеді. Алайда, Д.Елемесованы тәрбиеші қызметіне қабылдау туралы бұйрық шықпаған және жоғарыда аталған қаулының 2 қосымшасына сәйкес бекітілген инклюзивтік білім беру кабинетінің штаттық кестесінде тәрбиеші бірлігі қарастырылмаған.

25-тармақ. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек Кодексінің 34 бабы бұзылып, Д.Елемесованы жұмысқа қабылдау туралы бұйрық ресімделмеген. Бұл ретте, Д.Елемесованы жұмысқа қабылдау туралы бұйрық ресімделмей, бекітілген инклюзивтік білім беру кабинетінің штаттық кестесінде қарастырылмаған тәрбиеші бірлігін атқарды деп 2020 жылдың қыркүйек, қазан, қараша және желтоқсан айларында Д.Елемесоваға тәрбиеші қызметі үшін 189,3 мың теңге көлемінде еңбек ақы негізсіз төленген. Аудит жүргізу барысында аталған сома толықтай бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді.

2020 жылдың 8 ақпан күнгі №8 шартқа 2020 жылдың 26 желтоқсан күні №8/2 қосымша келісім жасалып, шарт сомасы 11 679,0 мың теңгеден 17 027,0 мың теңгеге ұлғайтылған, яғни Кәсіпорынға 009.011 бюджеттік бағдарламасына қосымша 5 348,0 мың теңге бөлінген. Кәсіпорын Бөлімге 2020 жылдың 28 желтоқсан күні №200110/02/6 көрсетілген қызмет актісін ұсынған. Осы күні аталған акті бойынша Бөлім Кәсіпорынға №4642010/20-4456 төлемге берілген шотына сәйкес 5 348,0 мың теңгені аударған.

26-тармақ. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің (ерекше бөлім) 683 бабының 2 тармағы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығымен бекітілген «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларының» 2 тармағы бұзылып, Кәсіпорын атқармаған қызметтерге Бөлімге қызметтерді атқару актісін ұсынып, негізсіз 5 348,0 мың

теңгені өз шотына аудартып алған. Кәсіпорын 5 348,0 мың теңгені 2020 жылдың 30 желтоқсан күні №526 төлем тапсырмасына сәйкес бюджетке аударып жіберген.

27-тармақ. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларының» талаптары сақталмай, Кәсіпорын тізімде көрсетілген кейбір позициялармен жабдықталмаған.

№13 «Золотой ключик» бөбекжайы:

28-тармақ. ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен бекітілген "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің" №2 қосымшасы және №18 қосымшасының 5 тармағы бұзылып, 2 қызметкерге 67,0 мың теңге көлемінде негізсіз қосымша ақылар төленген.

29-тармақ. ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек Кодексінің 96 бабының 2 тармағы және 139 бабының 10 тармағы бұзылып, 2 қызметкерге 83,8 мың теңге көлемінде артық сауықтыруға арналған жәрдемақылар төленген.

30-тармақ. ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 172 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарының» 9 тармағы бұзылып, 2018 жылдың қыркүйек айынан 2019 жылғы мамыр аралығында 1 бала уәкілетті органның жолдамасысыз бөбекжайға қабылданған

31-тармақ. ҚР Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 14 бұйрығымен бекітілген «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларының» 2 бөлігінің 12, 13 тармақтары сақталмай, жылдар бойынша бөле отырып, қаржы-шаруашылық қызметтің негізгі көрсеткіштері көрсетілмеген; даму жоспарының түсіндірме жазбасында жоспарланған бес жылдық кезеңге арналған көрсеткіштердің ашылған негіздемесі, сондай – ақ Даму жоспарының әрбір қосымшасына негіздемелер мен түсіндірмелері көрсетілмеген; 14-қосымшада-негізгі құралдар мен қорлар бойынша басты көрсеткіштері көрсетілмеген.

2020 жылдың 9 ақпан күнгі №104 шартқа 2020 жылдың 26 желтоқсан күні №104/1 қосымша келісім жасалып, шарт сомасы 7 333,0 мың теңгеден 11 243,0 мың теңгеге ұлғайтылған, яғни Кәсіпорынға 009.011 бюджеттік бағдарламасына қосымша 3 910,0 мың теңге бөлінген. Кәсіпорын Бөлімге 2020 жылдың 28 желтоқсан күні №200115/02/13 көрсетілген қызмет актісін ұсынған. 2020 жылғы 29 желтоқсан күні аталған акті бойынша Бөлім Кәсіпорынға №№100900145 төлемге берілген шотына сәйкес 3 910,0 мың теңгені аударған.

32-тармақ. ҚР 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 ҚР азаматтық кодексінің (ерекше бөлім) 683 бабының 2 тармағы және ҚР Білім және ғылым министрінің

2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығымен бекітілген «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларының» 2 тармағы бұзылып, Кәсіпорын атқармаған қызметтерге Бөлімге қызметтерді атқару актісін ұсынып, негізсіз 3 910,0 мың теңгені өз шотына аудартып алған. Кәсіпорын 3 910,0 мың теңгені 2020 жылдың желтоқсан айында бюджетке кері аударып жіберген.

33-тармақ. ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдыктармен және жиһазбен жарактандыру нормаларының» талаптары сақталмай, Кәсіпорын тізімде көрсетілген кейбір позициялармен жабдыкталмаған.

2017 жылы бала бақша ғимаратына күрделі жөндеу жүргізуге жобалық-сметалық құжаттама дайындау үшін бюджеттен 3 880,0 мың теңге бөлінген. Аталған ЖСМ-ны жасақтағаны үшін «Аванс Плюс» ЖШС-і шотына 3 713,2 мың теңге төлеген. Алайда, аталған құжаттамаға «Госэкспертиза» РММ-сі теріс қорытынды берген. Бұл қорытынды үшін оларға 1 018,5 мың теңге төленген. «Аванс Плюс» ЖШС-і жобалық-сметалық құжаттаманы сәйкеске келтірмеген, күрделі жөндеу жүргізілмеген. 2020 жылдың 1 қаңтарына жобалық-сметалық құжаттаманың мерзімі асып кеткен.

34-тармақ. ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268 ҚР азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 272 бабы және 2017 жылғы 20 қыркүйектегі №41 келісім-шарттың 1) және 7) тармақшалары сақталмай, келісім-шарт талаптары толық көлемінде орындалмаған.

35-тармақ. ҚР 2007 жылғы 28 ақпандағы «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» №234 Заңының 6 бабының 3 тармағы сақталмай, 2019 жылы кәсіпорын бухгалтерлік жазбаларды бастапқы құжаттардың түпнұсқаларына сайма-сай бекіту және бухгалтерлік жазбаларда барлық операциялар мен оқиғаларды көрсетуді; операциялар мен оқиғаларды хронологиялық тәртіппен және уақтылы тіркеуді; синтетикалық (қорытынды) есепке алуды талдамалық (егжей-тегжейлі) есепке алуға сәйкес келтіру қамтамасыз етпеген.

36-тармақ. ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V ҚРЗ Заңы 4 бабының 2) және 4) тармақшаларында көзделген, ағымдағы жөндеу жүргізуге келісім-шарт жасалған кезде осы Заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы қағидаттары сақталмаған.

37-тармақ. ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V ҚРЗ Заңы 5 бабының 3 тармағы сақталмай, мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын жасаған кезде мемлекеттік сатып алу тәсілі дұрыс таңдалмаған.

«№13 «Золотой ключик бөбекжайы» МКҚК және «QazStroyKompany» ЖШС-і арасында 2020 жылғы 21 қыркүйек күні №49 келісім-шарт жасалған. Шарттың мәні болып 6 металл шатырларын жасактау болып табылады. Аткарылған жұмыстар актісіне сәйкес «QazStroyKompany» ЖШС-і шотына қаржы толықтай аударылған. Алайда, аудит барысында кейбір жұмыстар толық аяқталмағандығы анықталды. Бұл ретте, келісім-шарттың 8.3 тармағына сәйкес, жұмыстар толық көлемде немесе тиісті түрде орындалмаған жағдайда әр бір кешіккен күн үшін өсімпұл есептелуі тиіс. Алайда, өсімпұл есептелмеген.

38-тармақ. ҚР 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268 ҚР азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 298 бабы және 2020 жылғы 21 қыркүйектегі №49 келісім-шарттың 8 тармағы сақталмай, келісім-шарт талаптары уақытында орындалмағаны үшін 264,0 мың теңге көлемінде өсімпұл есептелмеген.

«QazStroyKompany» ЖШС-і келісім-шартта көзделген өз міндеттемелерін толық орындамағандығына қарамастан, «№13 «Золотой ключик бөбекжайы» МКҚК-ны серіктестік шотына 79,5 мың теңге көлемінде кепілдік жарнасы кері қайтарып берген.

39-тармақ. ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434-V ҚРЗ Заңы 43 бабының 12 тармағы сақталмай, «QazStroyKompany» ЖШС-і келісім-шарт бойынша өз міндеттерін толық орындамауына қарамастан, оларға 79,5 мың теңге көлеміндегі кепілдік жарнасы кері қайтарған.

40-тармақ. ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 423, 425 тармақтары сақталмай, «QazStroyKompany» ЖШС-гі келісім-шарт бойынша өз міндеттерін толық орындамаған.

41-тармақ. ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434-V ҚРЗ Заңы 12 бабының 4 тармағы сақталмай, «QazStroyKompany» ЖШС-ін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінбеген.

«Жаңа толқын Орал» ЖШС:

42-тармақ. ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығымен бекітілген «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы қағидаларының» 10 тармағы б) тармақшасы сақталмай, кейбір тәрбиеленушілер білім беру органының жолдамасынсыз қабылданған, жолдама бір айдан кейін және одан да кешірек алынған.

43-тармақ. ҚР 2014 жылғы 16 мамырдағы №202 «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңының 46-бабының 7-тармағы, 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңының 57-1 бабы бұзылып, Серіктестік қызметті жүзеге асыру және мекенжайды өзгерту кезінде уәкілетті органды хабардар етуді жүзеге асырмаған.

«Мендыгазиева Эльмира Куспановна» ЖК:

44-тармақ. ҚР 2014 жылғы 16 мамырдағы №202 «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңының 46-бабының 7-тармағы, 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңының 57-1 бабы бұзылып, жеке кәсіпкер қызметті жүзеге асыру және мекенжайды өзгерту кезінде уәкілетті органды хабардар етуді жүзеге асырмаған.

45-тармақ. ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығымен бекітілген «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы қағидаларының» 10 тармағы б) тармақшасы сақталмай, кейбір тәрбиеленушілер білім беру органының жолдамасынсыз қабылданған, жолдама бір айдан кейін және одан да кешірек алынған.

«BATYS SABI» ЖШС:

46-тармақ. ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 172 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарының» 9 тармағы бұзылып, кейбір балалар уәкілетті органның жолдамасынсыз бөбекжайға қабылданған.

Сонымен қатар, жеке меншік бала бақшалар карантин кезінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша толықтай қаржыландырылған. Алайда, тексерілген барлық жеке меншік бала бақшалардың кейбір қызметкерлері табысынан айырылмасада, 2020 жылғы сәуір, мамыр, шілде және тамыз айларында мемлекеттен 42 500 теңгеден әлеуметтік төлемдер алып отырған.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» 2020 жылғы 16 наурыздағы № 286 Жарлығының 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 26 наурыздағы № 110 бұйрығымен «Төтенше жағдай кезеңінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға және нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын, салық агенттері олар үшін міндетті зейнетақы жарналарын төлеген жеке тұлғаларға әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыру қағидалары» бекітілді.

Төтенше жағдай кезеңінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға және нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын, салық агенттері олар үшін міндетті зейнетақы жарналарын төлеген жеке тұлғаларға қызметінің шектелуіне байланысты кірісінен айырылу жағдайына Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлем жүзеге асырылды.

Осы көмек туралы Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаев Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияның 2020 жылғы 10 сәуірдегі өткен кезекті отырысында былай деп атап өтті: «*Азаматтар бұл көмектің*

Төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты қаржылық қиындықтарға тап болған адамдарға ғана берілетінін түсінуі керек. Сондықтан бұл қолдауды табыс көзі жеткілікті адамдардың негізсіз алуын тоқтату қажет. Осындай әрекеттерге барған алаяқтарды, арам пизылды адамдарды қоғамның назарынан жасырмай, ашық айыптау керек».

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе):

Орал қаласында мектепке дейінгі білім беру саласының дамуы - жалпы қала экономикасының одан әрі өсуіне әсер етеді, өйткені балалардың бала бақшаларға орналастырылуы - бұл өндірісте, әлеуметтік және басқа да салаларда белсенді жұмыс істейтін ата-аналар санының өсуі.

Баланың дамуы, оның физикалық және психикалық денсаулығы, ойлау қабілетін, санасын, құндылықтарын қалыптастыру, толыққанды білім алу нәтижесінде тиімді және сәтті әлеуметтену - аймақтың тұрақты әлеуметтік-мәдени кеңістігін құрудың басты кепілі.

III. Қорытынды бөлік.

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

Мемлекеттік аудит барысында және тексеру комиссиясының отырысы өткізілгенге дейін аудит объектілерімен 18 214,5 мың теңге бюджеттін кіріс бөлігіне өтелді;

«Жаңа толқын Орал» ЖШС-і 2021 жылғы 2 наурызында, «Мендыгазиева Э.К.» ЖК 2021 жылғы 11 наурызында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарламаларды уәкілетті органға жолдады.

Үстеме тексеру барысында «Мендыгазиева Э.К.» ЖК-де бухгалтерлік есеп жүргізуден жалтару фактісі анықталуына байланысты әкімшілік жауапкершілікті қарастыру үшін материалдар Батыс Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне жолданды (2021 жылғы 11 ақпандағы №8-10/140 шығыс хат). Батыс Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментімен осы факт бойынша Э.К.Мендыгазиеваға 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 238 бабының 1 тармағы 1) тармақшасына сәйкес хаттама толтырылды (2021 жылғы 2 наурыздағы №07-3-1/561 хат).

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы №392-V ҚРЗ «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 5 бабы 2 тармағы 3) тармақшасына сәйкес:

- №13 «Золотой ключик» бөбекжайы» МКҚК-да жүргізілген үстеме тексеру барысында бухгалтерлік есеп және мемлекеттік сатып алу бұзушылықтарының анықталуына байланысты аудит объектісі лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершіліктерін қарастыру үшін Батыс Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаментіне материалдар жолданды (2021 жылғы 12 сәуірдегі №8-10/307 шығыс хат);

- «Жаңа толқын Орал» ЖШС, «Batys Sabi» ЖШС және «Мендыгазиева Э.К.» ЖК-дің жеке балабақшаларында жүргізілген үстеме тексеру барысында

кейбір қызметкерлердің карантин кезінде еңбек ақы алғандығына қарамастан мемлекеттен әлеуметтік төлемдер алғандығы туралы фактілер анықталуына байланысты Батыс Қазақстан облысының прокуратурасына материалдар жолданды (2021 жылғы 15 сәуірдегі №8-10/316 шығыс хат);

- «Орал қаласының білім беру бөлімі» ММ-де жүргізілген мемлекеттік аудит нәтижесінде бюджет жүйесі қағидатының, атап айтқанда бюджет қаражатының атаулылығы мен нысаналы сипатының сақталмағандығының анықталуына байланысты Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне материалдар жолданды (2021 жылғы 15 сәуірдегі №8-10/317 шығыс хат);

- «Орал қаласының білім беру бөлімі» ММ-де жүргізілген мемлекеттік аудит нәтижесінде қаланың кейбір жеке балабақшалары уәкілетті органға мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша қызметтің басталғаны туралы хабарламаларды жолдамай қызметтерді жүзеге асырғандығы анықталуына байланысты ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне материалдар жолданды (2021 жылғы 15 сәуірдегі №8-10/318 шығыс хат).

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:

Мемлекеттік аудит қорытындылары жүйелі кемшіліктердің бар екенін айғақтайды, бюджет қаражатын жоспарлау және пайдалану кезінде, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдармен және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орындаушылармен өзара іс-қимыл жасау барысында бюджеттік бағдарламалар әкімшісі тарапынан тиісті мониторинг пен бақылаудың жоқтығын куәландырады. Осы факторлар 18 558,0 мың теңгені құрайтын қаржылық бұзушылықтарға, 30 743,0 мың теңгеге бюджет қаражатының тиімсіз пайдаланылуына, сондай-ақ саны 38 бірлікті құрайтын рәсімдік бұзушылықтар мен кемшіліктердің жол берілуіне алып келді. Аудиторлық іс-шарамен қамтылған қаражат көлемі 9 681 221,0 мың теңгені құрады.

Мемлекеттік аудиттің нәтижелері мемлекеттік органның мектепке дейінгі ұйымдардың алдына қойылған міндеттер мен функцияларды әзірлеу, үйлестіру және іске асыру процесінде жауаптылықтың жеткіліксіз дәрежеде екендігін көрсетеді.

Мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру кезінде, мемлекеттік органның мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын қаржыландыруды және орналастыруды қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелер арасында әрекеттерінің келісілмеуі байқалады.

Орал қалалық білім беру бөлімі мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін балалар контингентін жасақтауды жүргізбедігі; 2020 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері Орал қаласы әкімдігімен бекітілмеу салдарынан Қазақстан Республикасы Бюджет Кодексында карастырылған негізділік принципі сақталмағандығы; аудит кезеңінде 50 мемлекеттік кәсіпорын-мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын қаржыландыру жан басына шаққандағы

нормативтік қаржыландыру әдістемесіне сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде жүзеге асырылмаған, тек функцияларды орындауды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік мекемелер ретінде қаржыландырылғандығы; 2020 жылы мемлекеттік кәсіпорындарға бюджет қаржысын аудару барысында төлеуге берілетін шотты ұсынудың заңдылығын және негізділігін, сондай-ақ жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерге сәйкес көрсетілген қызметті растаудың дұрыстығын қамтамасыз етпегендігі; Бюджеттің атқарылуы және оған қосалық қызмет көрсету ережесінің талаптарын сақтамай, жекелеген мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қосымша келісімді қазынашылықтың аумақтық бөлімшесінде тіркемеуі; кейбір Өнім жеткізушілерге қаржыны төлеген кезде растайтын құжаттардың күні төлеуге берілетін шотты қалыптастыру күнінен кеш болуы; кәсіпорындар тауарлардағы, жұмыстардағы, қызметтердегі жергілікті қамту үлесі бойынша есептер тапсырмауна қарамастан, Бөлім қызметтердің атқарылуы туралы актілерді бекітіп отырғандығы; мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларының талаптарын сақталмай, мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін Комиссияның дұрыс құрылмауы; мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын сақталмай, өткізілген конкурстарға білім беру саласындағы уәкілетті органға өз қызметінің басталғаны туралы хабарламаған мектепке дейінгі ұйымдарды конкурсқа қатысуға негізсіз жіберілуі; ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдыктармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына» мемлекеттік мектепке дейінгі білім берудің 50 ұйымдары сәйкес келмейтіндігі Қазақстан Республикасы Бюджет Кодексында көзделген бюджет жүйесі қағидатының, атап айтқанда бюджет қаражатының негізділік, атаулылық пен нысаналы сипатының сақталмау салдарынан бюджет қаражатының тиімсіз пайдаланылуына жол берілгендігі аудит объектісі тарапынан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарының өрескел бұзылуына жол берілгендігін көрсетеді.

Квасимемлекеттік сектор субъектілерінің (мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындардың) даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді қалыптастыру мен толтыру формалды түрде жүзеге асырылады. Бюджет қаражатын еңбекақы төлеуге жұмсауда, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру барысында бұзушылықтарға жол берілген.

Аталған бұзушылықтар Білім туралы Заңының 61 бабы 2 тармағы 4) тармақшасына сәйкес, Білім беруді қаржыландыру жүйесінің бірден бір негізі: жауаптылық принципіне негізделу талабы сақталмағандығын дәлелдейді.

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы білім беру ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудегі олқылықтарды атап өтеміз (мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру және қаржыландыру, жабдықпен және жиһазбен жарақтандыру, білім беру қызметімен айналысу және басқалар кезінде).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда жан басына шаққандағы

қаржыландыру тетіктерін енгізу, сондай-ақ лицензиялауды жою жеке бизнесті мектепке дейінгі білім беруге айтарлықтай тартуға және балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтуды кеңейтуге мүмкіндік берді.

Бірнеше жыл бойы жеке білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын қаржыландыруға мемлекеттің міндеттемелерінің ұлғаю үрдісі байқалады. Сонымен қатар жұртшылық тарапынан балабақшалардың материалдық-техникалық жабдықталуына және ондағы тәрбие процесінің сапасына қатысты сын айту жағдайлары жиілеп кетті.

Бұл фактор білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың баршанын сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі; оқытудың, тәрбиенің және дамытудың бірлігі және білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білім беру жүйесі қызметінің ашықтығы сияқты негізгі принциптеріне қол жеткізуге толық көлемде ықпал етпейді.

Осыған байланысты, мектепке дейінгі ұйымдар ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасын арттыру үшін олардың қызметін кезең-кезеңімен лицензиялауды енгізу, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің сапасына жеке сектор субъектілерінің ортақ жауапкершілігін кеңейту қажет деп санаймыз.

Бұл ретте, кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүлктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатындығын ескерген жөн.

Осыған байланысты, қандай да бір қаржылық проблемалар туындаған жағдайда, олар мемлекеттік тапсырыс түріндегі мемлекеттік субсидияларға үміттенбестен, өз шығындарын оңтайландыруды, қызметін тоқтатуды немесе бизнесін басқа салаларға бағыттауды ойлау керек деп санаймыз. Ал, мемлекеттік тапсырысты қаржыландыру бөлігінде мемлекетте объективті проблемалар (карантин, бюджет кірістерінің төмендеуі және басқалар) туындаған кезде жекелеген кәсіпкерлер бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік билік органдарының қызметі туралы теріс материалдарды орналастыратыны туралы атап өткен жөн.

Бұл ретте, аудит бағдарламасының *«Тиімділік – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы»* базалық көрсеткіші бойынша жоспарланған нәтижелерге қол жеткізілгендігін, алайда оларға қол жеткізу үшін жұмсалған бюджет қаржысының тиімсіз пайдаланылуына жол берілгендігін атап өткен жөн.

«Аудит мерзімінде балалардың мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытумен қамтылуы (3 жасқа дейін, 3 жастан 6 жасқа дейін)» арнайы көрсеткіші бойынша: 2019 жылы 3 жасқа дейінгі балалардың 42,7% қамтылған, 2020 жылы балалардың 47,8% қамтылған, 2019-2020 жылдары 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалар 100% орындалған.

«Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық кадрлардың сапалық құрамын жақсартуы (басшылардың, әдіскерлердің және тәрбиешілердің жалпы санының «Мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту» мамандығы бар педагогтардың үлесі)» арнайы көрсеткіші бойынша: «Мектепке дейінгі ұйымдар басшыларының, әдіскерлерінің, тәрбиешілерінің жалпы санынан «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандағы бойынша техникалық және

кәсіптік және жоғары білімі бар педагогтердің үлесі» 2020 жылға - 60% бекітілген болатын. Орал қаласының мектепке дейінгі ұйымдары бойынша 2018-2019 жылдары ол көрсеткіш – 73,3% және 2019-2020 жылдары – 72,3% құрады. Мектепке дейінгі білім беруде педагог қызметкерлердің 2018-2019 жылдары тек қана 26,7%-ның «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша білімі жоқ; 51,4%-ның біліктілік санаты жоқ. Мектепке дейінгі білім беруде педагог қызметкерлердің 2019-2020 жылдары 27,7%-ның «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша білімі жоқ, 44 %-ның біліктілік санаты жоқ.

«Мектепке дейінгі ұйымдардың материалды-техникалық базасының жаңартылуы» арнайы көрсеткіші бойынша:

Аудит барысында, мектепке дейінгі тәрбие бойынша қызмет көрсету үшін жеткілікті материалды-техникалық базаның жарақтандырылуы бойынша толығымен қамтылмағандығы анықталды.

Аудит бағдарламасының *«Нәтижелілік – әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттердің іске асырылу деңгейі және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің арақатынасы»* базалық көрсеткіші бойынша Бөлімнің қызметі барысында орын алған бұзушылықтар мен кемшіліктерге қарамастан жоспарланған көрсеткіштер орындалған.

«Мектепке дейінгі білім беруге қатысты бюджеттік бағдарламалардың тікелей және түпкілікті нәтижелеріне аудит объектісінің қол жеткізуі» арнайы көрсеткіші бойынша 2019-2020 жылдары аудиттелген бюджеттік бағдарламалар бойынша көзделген тікелей және түпкілікті нәтижелердің жоспарланған межелеріне қол жеткізілген.

Жоғарыда аталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді ескере отырып, Орал қаласы білім беру бөлімнің аудит кезеңіндегі қызметінің тиімділігі тиісті деңгейде емес екендігін көрсетеді.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:

1. Батыс Қазақстан облысы бойынша Тексеру комиссиясының отырысында «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласының білім беру бөлімі» ММ-де жүргізілген аудиторлық іс-шараның қорытындыларын қарауды ұсынамын;

2. Мемлекеттік аудит объектілері тарапынан аудит барысында және тексеру комиссиясы отырысына дейін мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігіне 18 214,5 мың теңгенің өтелгендігі ескерілсін;

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне білім беру саласында қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі ұсынымдар жолдансын;

4. **«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласының білім беру бөлімі» ММ-нің басшысы (А.Темірханова):**

1) Жеке бала бақшалар арасында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін конкурс өткізілген кезде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығымен бекітілген «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік,

орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары» талаптарының толықтай сақталуына (балалар контингентін жасақтау, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарламаларды уәкілетті органға жолдануы, конкурстық құжаттамалардың талапқа сай жасақталуы, мектепке дейінгі ұйымға қабылдауға жолдамалардың болуы және т.б.) бақылау күшейтілсін;

2) Мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдардың жабдықтармен және жиһазбен жарактандыруды, бюджет мүмкіндіктерін ескере отырып, бекітілген нормаларға сәйкес жабдықтау бағытында тиісті шаралар қабылдансын.

Аталған ұсынымдардың орындалуы туралы ақпаратты Батыс Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясына 2021 жылғы «14» маусымға дейінгі мерзімде растайтын құжаттарды қоса тіркей отырып, жолдау тапсырылады.

3.4. Қосымша: мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі 6 парақта, аудит объектілері қалпына келтірген және өтеген қаражат жөніндегі ақпарат 1 парақта.

Батыс Қазақстан облысы бойынша
Тексеру комиссиясының мүшесі



К.С. Алпысбаев

№3 мемлекеттік аудит бөлімінің
басшысы-мемлекеттік аудиторы



Е.Ж. Гумаров

Сапаны бақылау және құқықтық
камтамасыз ету бөлімінің басшысы



Ж.Ж.Кадыров